

Төл теңгеміздің тарихқа енген сәті -- әрбір қазақстандық үшін айтулы оқиға, ерекше күн. Ол – ел тәуелсіздігінің белгісі. Теңдікке қол жеткізудің басты көріністерінің бірі. “Нарықтық экономика” атты буырқанып жатқан кең дүниеде үміт артқан ұлттық валютамыздың орны қандай? Осы және басқа да сұрақтарға жауап іздеп, біз облысымыздағы басты оқу орны М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің банк ісі кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сапар ЖАҚЫПБЕКОВТІ әңгімеге тартқан едік.



Теңге шетелде де сұранысқа ие

– Сапар Жақыпбекұлы, төл теңгеміздің әлемдік қаржы айналымындағы салмағын қалай бағалайсыз?

– Теңге біз тек қағаз ақша деп қарамауымыз керек. Оның қоғам үшін айрықша бес қызметі бар. Бірі – заттық ұғымын танытса, екіншісі – бағалау, құндылықты анықтау қызметімен көрінбек. Сондай-ақ айналым құралы, қор жинақтау қызметтері де бар. Бұдан басқа ең маңыздысы – халықаралық аренада мемлекеттік айырым, ұлттық рәміз белгісі ретінде қызмет атқарады. Мұның бәрі әр қоғамда ақшаның иығына жапқан қызметтік шапаны тәрізді. Әлемдік рынокта ақшалар “шапандарын” шешіп тастап, ашық белдесуге шығады. Оларды бір-бірімен сондай кезде салыстыра аласыз. Құдайға шүкір, Қазақстан теңгесінің әлемде лайықты орны, өзіндік құндылығы бар. Қазіргі уақытта долларға қарағанда теңге 147 теңгеге төмен болса, Өзбекстанға қарағанда 16-17 сум артық.

– Теңгенің Қазақстан аумағында ғана емес, ортақ валюта түрінде қызмет атқаруға мүмкіндігі бар деп ойлайсыз ба?

– Бұған ешқандай әңгіме жоқ. Өзбекстанда айналымдағы теңгені сатып алушылар көп. Олар долларды қажет етпейді. Елде өздерінің сумы ғана жүреді. Ресейге барсаңыз да теңге сатылады. Қырғызстанда, тіпті көп. Бұл дегеніңіз, теңгенің халықаралық айналымда әжептәуір беделге ие болып отырғанын көрсетеді. Бірақ мемлекетіміз жас өрі дүниежүзілік рынокта өтімді тауарлары аз болғандықтан, ұлттық валютамыздың өзінде Қазақстаннан өрі шығуына мүмкіндік жоқ. Бұл үшін экономика мықты болуы қажет.

– Елбасының ортақ валюта жөнінде көтеріп жүрген мәселесіне көзқарасыңыз қандай? Ортақ валюта төл теңгеміздің қазіргі қуатынан айырылып қалуына әкеліп соқтырмай ма?

– Елбасының ортақ валюта жөніндегі ұсынысын толығымен қуаттаймын. Оның қажеттілігі бар және жүзеге асуы өбден мүмкін. Бұл мәселе бойынша тәжірибе де жеткілікті. Еуропа мемлекеттерінің бәрі өзара келісті де, евроны айналымға шығарды. Бұған екінші жағынан қарасақ, сол мемлекеттер экономикасы дамыған Германияның немесе тағы бір басқа мемлекеттің валютасын қабылдауы мүмкін бе еді? Әрине, мүмкін. Бірақ, өйткен жоқ. Біздің Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және басқа мемлекеттердің өзара

келісіп, ортақ валютаның бағамын шығарып алуы немесе экономикасы дамыған Ресей, даму үстіндегі Қытай ақшаларының формасын ортақ етіп пайдалануы да ғажап емес. Ал, біздің мемлекетіміздің теңгесі мұндай дәрежеге әлі олқы соғады. Ол үшін Елбасының айтып жүргеніндей, еліміздің индустриалды-инновациялық бағдарламасын жүзеге асырып, алдыңғы қатарлы ел болуымыз керек.

– Елімізде жүріп жатқан ақшаның құнсыздануы бізді қандай жағалауға әкелуі мүмкін? “Гиперинфляциялық” ауылы біз үшін жақындап қалған жоқ па?

– Иә, ақшаның құнсыздануы жүріп жатыр. Бірақ, сіз айтқандай “гиперинфляцияның” беті аулақ. Ол бізде ақша алмасатын, рубль аймағынан шығатын кезде орын алды. Бір бөтелке сыра 3 мың рубль болғаны есімізде. Міне, бұл дегеніңіз – “гиперинфляция”. Құнсыздану бізде ипотекалық несие беруге байланысты пайда болды. Оның өзі мұхиттың арғы жағындағы елдердің, ірі банк иелерінің көзсіз әрекетінен басталды. АҚШ-та долларларды есепсіз шығара берудің орын алғаны соншалық – бүгінде дүниежүзіне тараған сол “көк қағаздарды” Америкаға қайтып берсеңіз – оның 20 пайызын ғана өндіріп алуға болады екен. Ал, айналымда жүрген басқа 80 пайызы бағалы заттармен

қамтамасыз етілмеген, қуатталмаған.

Біздің теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құны 1993 жылы 4 теңге 75 тиын еді. Келесі жылы доллар күрт қымбаттап, теңгенің құнсыздануы елімізде 1158 пайыздан асты. Теңгені тұрақтандыру бағытындағы үлкен жұмыстардың нәтижесінде инфляция 2003 жылы ең төменгі деңгейіне жетті. Яғни, ақшаның құнсыздануы 5,7 пайызға дейін азайды. Ал, 2007 жылы Америкада басталған ипотекалық қаржы дағдарысы еліміздегі ақшаның құнсыздануын қайтадан 18,8 пайызға көтерді. Сол кездері Елбасының ұсынысымен бірқатар маңызды шаралар қабылданды. Тығырыққа тірелген банктерді сақтап қалу үшін ұлттық қордан қаражат бөлінді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында инфляцияның төмендеуі байқалды. Былтыр ақшаның құнсыздануы 11 пайыз болды. Биыл Ұлттық банктің болжамы бойынша инфляция 8-9 пайыздан аспауы керек.

Мемлекет басшысының банк жүйесін сақтап қалу жөніндегі шараларының страте-

отырған “Жол картасы” бағдарламасын жүзеге асыру болды. Соның нәтижесінде шалғай ауылдарға жаңадан асфальт жол салынып, газ жүргізіліп, ауызсеу жеткізіліп, көптеген жұмыстар атқарылуда.

– Теңгенің қуатын айқындайтын Ұлттық валюта қорының әлеуеті туралы не айтар едіңіз?

– Адам үшін қан айналысының маңызы қандай болса, ақша-тауар айналымының да экономика үшін сондай маңызы бар. Көп елдерде жалпы ішкі өнімнің 2 пайызы банктердегі төлем жүйесін жақсарту есебінен ғана алынады екен. Ақша айналымының 2 түрі бар. Ол қолма-қол төлем және есепшот арқылы аудару. Қолма-қол ақша ішкі саудаға ғана дұрыс. Бірақ, ол көлеңкелі экономикаға қолайлы жағдай туғызады. Көбіне мұндай кезде салықтың төленбей қалуы, есеп жүргізілмеу жиі кездеседі. “Бармақ басты, көз қысты” әрекеттердің, сыбайлас жемқорлықтың орын алатыны осындай жағдай. Ал, есеп айырысулар банк арқылы жүргізілсе,

гиялық маңызы өте зор болды. Уақытында оппозициялық басылымдар шулап: “Қор жинап не керегі бар, мұнайдан түскен қаржыны жұртқа неге таратып бермейміз?” дегендей пікір білдірген. Өне, сол кезде Президент экономиканың қыр-сырын терең түсінетінін та-

барлық заңдылық талаптары сақталады. Ақшаның құнсыздануына да жол берілмейді. Сондықтан мүмкіндігінше ақша айналымы қолма-қол емес, банктік төлемдер жүйесіне толық көшуі керек. Қазіргі уақытта елімізде төлемдердің электронды әдістері енгізіле

Мерекелік монеталар жарыққа шықты

Азия ойындарына орай Ұлттық банк ақшаның жаңа түрлерін жарыққа шығарды. Бүгінде базарлық тиынның үш үлгісі жасалған. Әрқайсысында Азияда белгілері бейнеленген.

Номиналы 5 мың теңгеге тең монетаның құны 150 мыңнан асады. Сапалы күмістен құйылған тиынның салмағы 1 келі, диаметрі 10 сантиметрді құрайды. Шаңғы жолы мен Алатау шыршасының суреті бейнеленген тиынның келесі бетінен биылғы Азия ойындарының логотипін көруге болады. Бұл белгі басқаларында да бар. Оның бірі – 100 теңгелік алтын монета. Ал соңғы моделі өзгелерден арзандау болғанымен, ерекше жасалыпты. Күміс тиынның пішіні домалақ емес, 12 бұрышты. Номиналы – 500 теңге. Дегенмен, құны – 6600 теңге. Жаңа монеталарды Азиядағы ұйымдастыру комитеті сатып алуға ниетті. Бұл мақсатқа 148 млн. теңге бөлінген. Қысқы ойын басталған кезде тиындар әлдеқайда жоғары бағаланбақ.

нытты. Банк жүйесін сақтап қалуға мүмкіндік туды. Бұл – бір жағы. Екіншісі, Елбасының сарабал саясатынан туындап

бастады. Компьютер-интернет арқылы да төлем жүйесі қалыптасуда. Егер біз төлем жүйесінің осындай технологиясына көшетін болсақ, сыбайлас жемқорлық та азаяды.

– Елімізде, оның ішінде облысымыздағы қаржы институттары мен оның филиалдарының жұмысына көңіліңіз тола ма?

– Мен қаржы институттарының жұмысына оң баға беремін. Қазіргі уақытта қаржылық жүйені дамытуға байланысты әлемдік тәжірибелердің бәрі де елімізде кенінен қолданылып келеді. Еліміз қаржы айналымы жүйесін жетілдіруден алда келеді. Мәселен, зейнетақы жинақтау жүйесі де, міндетті және ерікті сақтандыру қорларының жұмысы да біздің қаржы институттарымыздың жақсы қалыптасқанын танытады. Бүгінде зейнетақы қорының 80 пайызы Үкіметтің бағалы қағаздарын сатып алуға жұмсалып отыр. Зейнетақыға қосылған өсім төмен болғанымен, ол өте тұрақты, халықтың жинаған ақшасының құнсыздануға ұшырамай, толық қайтаруға кепілдік береді. Бұл өте жақсы.

– Әңгімелеріңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Суханберді ОРАЗАЛЫҰЛЫ



Банк ісі кафедрасының аға оқытушысы, практик-маман Айдәрбек МЕҢЛІБЕКОВ:

«Ақша тиеген ұшақ Шымкентке қонған»

– Мен 1993 жылы облыс бойынша Ұлттық банк басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқардым. Бұдан бір жыл бұрын ресейліктердің өзі Кеңес Одағы ақшасынан бас тартып, өз рублін шығара бастаған еді. Сол кездері Елбасы құпия түрде Қазақстанның өз ақшасын жасауға тапсырма берді. Лондонда жасалған бұл ақша 1993 жылдың жазында тікелей ұшақпен құпия түрде Шымкентке жеткізілді. Оның алғашқы теңгелер екенін, өрине, ол кезде біз білген жоқпыз. Құпиялықты сақтау мақсатында Лондоннан арнайы рейспен ұшқан “Боинг” ұшағы Алматыға емес, Шымкенттің өзгешайына қондырылды. Біз жүкті түсіруге брэндалған “КамАЗ” көліктерін апардық. Осы арнаулы көліктер арқылы Шымкент орталығына, одан өрі Таразға жөнелттік. Біраз уақыт өткен соң қарашада кеңес ақшаларын теңгеге ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. Сол күні танертеннен бастап құрамында қауіпсіздік қызметі мен ішкі істер органдарынан, облыс әкімдігінен, Ұлттық банктен өкілдері бар арнайы комиссия жаңа ақшаны жан-жаққа бөлуге кірісті. Сонда біз теңгені бірінші рет көріп, үлкен қуанышқа бөлендік. Бұрынғы кеңес ақшасын Қазақстан теңгесіне ауыстыру ешқандай өбсірсіз, ұйымшылдықпен сәтті өтті.